

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау және қадағалау Комитетімен

2011 жылдың 17 маусымында

к е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау және қадағалау Комитеті

Төрағасының м.а.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2011 жылдың 28 сәуіріндегі

№ 10 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2011 жылдың 01 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілген

Қ.Б.ҚОЖАХМЕТОВ

Биржалық ақпаратты тарату ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.
2011

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын бақылау мен реттеу комитетімен 2012 жылдың 29 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы) бекітілді
- 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен реттеу комитетімен 2012 жылдың 25 қазанында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі № 19 отырыс хаттамасы) бекітілді
- 2012 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілген.

3. № 3 толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен реттеу комитетімен 2013 жылдың 02 қыркүйегінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 31 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы) бекітілді
- 2013 жылдың 03 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілген.

4. № 4 өзгертулерИзменение № 4:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкімен 2014 жылдың 29 тамызында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 08 тамызындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілді
- 2014 жылдың 09 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілген.

5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2016 жылдың 10 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген.

6. № 6 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 02 ақпанындағы № 6 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2017 жылдың 03 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген.

7. № 7 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 09 наурызындағы № 11 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- қолданысқа енгізілген:

4-1, 9, 11, 12 бөлімдері – Биржалық ақпаратты коммерциялық ұсыну шарттары туралы Ережелерге тиісті өзгерістер күшіне енген күннен бастап;

13 бөлім – 2017 жылдың 15 наурызынан бастап.

8. № 8 толықтыру мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 12 қыркүйегіндегі № 24 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2017 жылдың 13 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілген.

9. № 9 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 09 шілдесіндегі № 19 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2018 жылдың 01 қазанынан бастап қолданысқа енгізілген.

10. № 10 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 15 тамызындағы № 25 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2018 жылдың 16 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген.

11. № 11 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылдың 26 тамызындағы № 39 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 27 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген.

Осы Ережелер биржалық ақпараттардың минималды құрамын, биржалық ақпараттарды таратудың негізгі шарттары мен тәртібін, сондай-ақ, биржалық ақпаратты таратуда "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жауаптылық шегін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Ережелерде, Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, түсініктер мен шартты белгілер, сондай-ақ мынадай түсініктер қолданылған:
 - 1) **"биржалық ақпарат"** – осы Ережелердің 2 бабында анықталғандай;
 - 2) **"корпоративтік уақиға"** – "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабында анықталғандай" ([осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген](#)).
2. Осы Ережелерде қолданылған өзге ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"мұрағаттық ақпарат"** – соңғы уақиғалар нәтижесінде мағынасы ескіріп, соның нәтижесінде актуалдысына ауыстырылған, биржалық ақпараттар;
 - 2) **"базалық ақпарат"** – Биржаның қызметі үдерісінде алынғаннан кейін – тасымалдағышы және/немесе мәліметтер форматы ауыстырылған, топталған немесе қайта топталған, тиісті стиліне келтірілген және басқа да ұқсас әрекеттер нәтижесінде өңделмеген немесе тек бастапқы жинақталып өңделген, биржалық ақпарат;
 - 3) **"топтық тарату"** – Биржа мүдделі тұлғалар деп белгілеген топтарға биржалық ақпараттардың бір бөлігін белгілі бір амалмен тарату әдісі;
 - 4) **"кідірілген ақпарат"** – биржалық ақпараттардың бір бөлігіне қатысты осындай ақпарат пайда болған сәттен оның жариялануына, топтық таратылуына немесе іркілген ақпарат түрінде таратылуына дейін осы Ережелермен (және/немесе Биржа Басқармасының шешімімен) белгіленген арнайы минималды уақыттық интервал;
 - 5) **"ақпараттық өнім"** – белгілі бір шарттармен белгілі бір тұлғаларға таратылуға арналған, арнайы (соның ішінде туынды ақпарат алу мақсатында) өңделген және осы ақпараттық өнімнің маманданымына сәйкес рәсімделген ақпараттың бір бөлігі;
 - 6) **"нақты уақыт тәртібіндегі ақпарат"** – пайда болуы және жариялануы арасында 15 минуттан аспайтын уақыт өткен биржалық ақпарат;
 - 7) **"туынды ақпарат"** – базалық ақпаратты өңдеу нәтижесінде алынған және сол базалық ақпаратты алу мүмкін болмайтын биржалық ақпарат ([осы тармақша Биржа Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген](#));
 - 8) **"АЕК"** – зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді ([осы тармақша Биржа Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен енгізілген](#)).

3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) Биржа сайты деп Биржаның Интернет-сайтын (www.kase.kz);
 - 2) Уәкілетті орган деп бағалы қағаздар нарығын реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды түсіну керек.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).

2 бап. Биржалық ақпарат

1. Биржалық ақпарат деп Қазақстан Республикасы заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына жәнке Биржамен жасалған келісім-шартқа сәйкес таратылуға жататын:
 - 1) Биржа туралы;
 - 2) Биржа мүшелерінен, Биржа сауда-саттығына (Биржада айналысқа) жіберілген бағалы қағаздар эмитентінен, және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзге тұлғалардан Биржа алатын, сондай-ақ өзге де заңды амалдармен Биржа сауда-саттығына (Биржада айналысқа) жіберілген бағалы қағаздар эмитентінен, Биржа мүшелерінен алынған;
 - 3) Қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу, клирингтік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру процесінде Биржа жинақтайтын ақпарат *(осы тармақша Биржа Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржалық ақпараттарға мынадай ақпараттар түрлері кіреді:
 - 1) заңды тұлға және акционерлік қоғам ретінде Биржа туралы жалпы ақпараттар:

орналасқан жері және Биржаның байланыс деректемелері, соның ішінде элетрондық поштасының корпоративтік мекен-жайлары;

Директорлар кеңесі және Биржа Басқармасының құрамы *(осы абззац Биржа Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

Биржаның жарғысы, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

акциялар шығарылымы аңдатпасы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, Биржаның акцияларын орналастыру нәтижелері туралы есеп берулер;

Биржаның жеке және шоғырландырылған жылдық есеп берулері, Биржаның қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есептер *(осы абззац Биржа Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*;

Биржаның корпоративтік уақиғалары туралы ақпарат;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға жататын, өзге ақпарат;

(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген);
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарының мазмұнындағы ақпараттар (Биржа қызметін ұйымдастыру мақсатында, оның Басқармасы қабылдаған, Биржаның ішкі құжаттарының мазмұнындағы ақпараттардан басқа);
 - 3) Биржа мүшелері туралы жалпы ақпараттар;

атаулары, орналасқан жері, байланыс деректемелері, соның ішінде электрондық пошта және Интернет-сайттары (бар болса), мекен-жайлары;

Биржа мүшелерінің құрылтайшылық құжаттары;

Биржа мүшелерінің трейдерлері туралы мәліметтер;

Биржа мүшелеріне және/немесе олардың трейдерлеріне қатынасты Биржа органдарының қабылдаған шешімдері туралы ақпарат;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, Биржа мүшелерінің ақпараттар ашу және ақпараттар ұсыну бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты Биржаға ұсынатын, Биржа мүшелерінің тоқсандық және жылдық қаржылық есеп берушіліктері;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, Биржа мүшелерінің ақпараттар ашу және ақпараттар ұсыну бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты Биржаға ұсынатын, Биржа мүшелерінің қаржылық есеп берушіліктері бойынша аудиторлық есептер;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, Биржа мүшелерінің ақпараттар ашу және ақпараттар ұсыну бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты Биржаға ұсынатын, Биржа мүшелерінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпараттар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, Биржа мүшелерінің ақпараттар ашу және ақпараттар ұсыну бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты Биржаға ұсынатын, басқа да құжаттар мен ақпараттар;

Биржаға оның мүшелері тарату бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында беретін, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылмайтын, өзге ақпараттар;

(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген);

4) Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдары туралы жалпы ақпараттар:

қаржы құралдарының сауда-саттық регламенті;

қаржы құралдарының сауда-саттығын өткізу және қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есептесу шарттары мен тәртібі туралы жалпы мәліметтер;

қаржы құралдарының негізгі сипаттамалары;

5) Биржада айналысқа жіберілген, бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты ақпараттар:

бағалы қағаздар эмитенттерінің атауы, орналасқан жері, байланыс деректемелері;

листинг, делистинг және ресми тізімнің санатын (санатшасын) ауыстыру мәселелері бойынша тұжырымдар, соның нәтижелеріне қарай Листингілік комиссияның листинг, делистинг, ресми тізімнің санатын (санатшасын) ауыстыру туралы қабылдаған шешімдері;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашылары мен эмитенттерінің ақпараттар ашу бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Биржаға ұсынған, бағалы

қағаздар эмитенттерінің тоқсандық және жылдық қаржылық есеп берушіліктері;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашылары мен эмитенттерінің ақпараттар ашу бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Биржаға ұсынған, бағалы қағаздар эмитенттерінің тоқсандық және жылдық қаржылық есеп берушіліктері бойынша аудиторлық есептер;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашылары мен эмитенттерінің ақпараттар ашу бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Биржаға ұсынған, бағалы қағаздар эмитенттерінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпараттар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашылары мен эмитенттерінің ақпараттар ашу бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында Биржаға ұсынған, өзге де құжаттар;

(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген);

6) Биржа өткізетін (өткізген) қаржы құралдарының сауда-саттығының барысы және/немесе нәтижесі туралы ақпарат:

қаржы құралдарының бағасы мен баға белгілеулері;

қаржы құралдар сауда-саттығының нәтижелері;

Биржа белгілеген кезеңдердегі қаржы құралдар сауда-саттығының көлемі мен құрылымы;

Биржа мүшелерінің биржа сауда-саттығындағы саудалық белсенділігі;

Биржада саудаланатын қаржы құралдарының өтімділігі туралы ақпараттар;

7) Биржа есептейтін, индикаторлар туралы ақпарат:

индикаторлар мәні;

индикаторларды есептеу әдістемесі;

индикаторлардың өкілетті тізімдері (тиісті әдістемеде қарастырылған жағдайда);

8) Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағасы туралы ақпарат.

3. Биржалық ақпарат:

1) өңделу дәрежесі бойынша – негізгі және туынды ақпарат;

2) актуалдылық дәрежесі бойынша – нақты уақыт тәртібіндегі ақпарат, кездірілген және мұрағаттық ақпарат

3) таратылу шарттары бойынша – ақылы және тегін ақпарат болып жіктеледі.

2 тарау. БИРЖАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

3 бап. Биржалық ақпаратты таратудың негізгі принциптері

1. Биржалық ақпарат:

- 1) Биржа сайтында орналастыру (трансляция);
 - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалы арқылы беру;
 - 3) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
 - 4) Биржаның баспасөз басылымдарында жариялау;
 - 5) биржалық куәліктерге енгізу;
 - 6) осы Ережелердің 13 бабына сәйкес топтық тарату *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 7) осы Ережелердің 14 бабына сәйкес, кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген ақпараттарды ашу міндеттемесін орындау мақсатында рұқсат ету бастамашысынан және бағалы қағаздар эмитенттерінен Биржа алған ақпараттардың қағаздағы нұсқаларын мүдделі тұлғалардың алуына рұқсат беру;
 - 9) мүдделі тұлғаларға ақпараттық өнім беру *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және оған қайшы келмейтін, басқа да тәсілдермен ұсыну және/немесе тарату *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Биржалық ақпаратты тарату құрылымын, құрамын, әдісін және форматын, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысы және ішкі құжаттарында белгіленген нормаларды ескере отырып, Биржа өзі нақтылайды.

4 бап.

Биржа туралы ақпараттарды тарату

1. Заңды тұлға және акционерлік қоғам ретінде Биржа туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі – осындай ақпаратты Биржа сайтында орналастыру болып табылады.

Бағалы қағаздардың эмитенті және лицензиат ретінде Биржа уәкілетті органға акционерлерінің¹ мүдделеріне қатысты өз қызметіндегі өзгерістер туралы, қаржылық есеп берушілігі және, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған құрамында, тәртіпте және мерзімде өзге де есеп берушіліктерін ұсынуы тиіс.

Бұдан басқа, Биржа, бағалы қағаздар эмитенті ретінде, өзінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпараттарды, жылдық қаржылық есеп берушілігін және аудиторлық есептерін, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте, құрамда және мерзімде, қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсына орналастыруды жүзеге асырады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген);

¹ Мұндай мәліметтердің тізбесі "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 102 бабының 2 тармағында анықталған *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен енгізілген, осы сілтеменің нөмірі Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. Акционерлік қоғам ретінде, Биржа туралы ақпарат (Биржа сайтында орналастырудан басқа):
 - 1) Биржа акционерлеріне топтық тарату (Биржа жарғысына сәйкес немесе оның бастамасымен);
 - 2) Биржаның кейбір акционерлерінің сауалына жауап ретінде жеке беру;
 - 3) кез келген өзге де кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну арқылы беріледі.
3. Биржа Қазақстан Республикасының акционерлер туралы заңнамасына және Биржа жарғысына сәйкес, өз акционерлеріне өзі және өзінің қызметі туралы қосымша ақпараттар береді.
4. өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленбесе, Биржалық кеңестің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 09 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы) "Ақпараттық саясат" (бұдан әрі – Ақпараттық саясат) атты Биржаның ішкі құжатының 3 және 4 баптарында белгіленген жалпы ұстанымдарды және тәсілдерді ескере отырып, Биржа туралы ақпараттың ұсынылу мерзімдерін және кезеңділігін Биржа өзі анықтайды (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген*).

5 бап.

Биржаның ішкі құжаттарында қамтылған, ақпаратты тарату

1. Биржаның ішкі құжаттары туралы ақпаратты және осы құжаттардағы ақпаратты таратудың негізгі әдісі оны Биржаның сайтында келесі жолмен жариялау болып табылады:
 - 1) Биржаның ішкі құжаттарының мәтіндерін орналастыру;
 - 2) хабарламаларды, соның ішінде Биржаның жаңалықтарын орналастыру, оның ішкі құжаттарын бекіту, оларды келісу және қолданысқа енгізу, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарына түзетулер енгізу туралы (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*).
2. Биржаның ішкі құжаттарындағы ақпарат (Биржа сайтында жариялағаннан басқа):
 - 1) Биржаның жаңадан бекітілген ішкі құжаттарын, Биржаның ішкі құжаттарына енгізілген түзетулер мәтіндерін, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарын бекіту және оларға түзетулер енгізу туралы хабарламаларды Биржа мүшелеріне топтық тарату;
 - 2) Биржаның ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізу және олардың осында болу үшін бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне қойылатын талаптарды белгілейтін Биржаның ішкі құжаттарын бекіту туралы (Биржаның ішкі құжаттарына түзетулер енгізу) хабарландыруларын листингтік компанияларға топтық тарату арқылы беріледі.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысында және ішкі құжаттарында өзгесі белгіленбесе, Биржаның ішкі құжаттарында қамтылған ақпаратты жариялау мерзімдерін оның Басқармасы Ақпараттық саясаттың 3 және 4 баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып белгілейді (*осы тармақ биржа кеңесінің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және биржа Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген*).

4. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат пен осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпарат арасында кез келген айырмашылық болған кезде осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат неғұрлым дұрыс деп саналады.

6 бап. Биржа мүшелері туралы ақпараттарды тарату

1. Биржа мүшелері туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі осы ақпаратты Биржа сайтында жариялау болып табылады:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жариялануға жататын, Биржа мүшелерінің құрылтайшылық құжаттары, олардың қаржылық есеп берушіліктері және осы қаржылық есеп берушіліктері бойынша аудиторлық есептері, Биржа мүшелерінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпараттар, және Биржа өз мүшелерінен алған өзге де құжаттарды жариялау (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 2) Биржа мүшелері және/немесе оның қызметкерлеріне қатынасты қабылданған, Биржа органдарының шешімдері туралы мәліметтерді орналастыру;
 - 3) Биржа мүшелері туралы анықтамалық және сипаттамалық ақпараттарды орналастыру;
 - 4) Биржа мүшелерінің трейдерлері және лауазымды тұлғалары туралы ақпаратты орналастыру.
2. Биржа мүшелері туралы ақпараттар (осы баптың 1 тармағында аталғаннан басқа) мынадай жолдармен таратылады:
 - 1) биржалық куәліктерге енгізу;
 - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесі терминалдары арқылы ұсыну;
 - 3) Биржа жаңалықтарын қалыптастыру және тарату (Биржа сайтында орналастыру) (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 4) мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну.
3. Биржа мүшесінің қаржылық есептілігін, осы есептілік бойынша аудиторлық есепті, Биржа мүшесінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпаратты, сондай-ақ биржа мүшесінен алынған және шектелмеген тұлғалар тобына ашылуға жататын өзге де ақпаратты биржа тиісті құжаттарды (тиісті ақпаратты) қабылдаған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде жариялайды. Бұл ретте Биржаның осы құжаттарды (осы ақпаратты) қабылдаған күні Биржа осы құжаттардың (осы ақпараттың) Биржаның белгіленген ішкі құжаттарымен және оның Басқармасының шешімдерімен осындай құжаттардың (ұқсас ақпараттың) түріне және оларды биржаға беру тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін түпкілікті нұсқаларын алған күн болып саналады.

Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендер қатарындағы мәліметтерді биржа органы тиісті шешім қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде жариялайды.

Биржа мүшелері туралы өзге биржалық ақпаратты тарату мерзімдері мен кезеңділігін оның Басқармасы ақпараттық саясаттың 3 және 4 баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып белгілейді.

(Бұл тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген).

4. Осы баптың 1 тармағы 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат пен осы баптың 1 тармағының 3) тармақшасында және 2 тармағында анықталған ақпараттардың арасында кез келген айырмашылық болған жағдайда, осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген ақпарат неғұрлым дұрыс деп саналады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

7 бап. Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдары туралы ақпараттарды тарату

1. Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдары туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі, оны Биржа сайтында келесідей жолдармен орналастыру болып табылады:
 - 1) құралдардың құрылымын анықтайтын құжаттардың мәтіндерін, сондай-ақ осындай құралдардың Биржада айналыста болуын реттейтін нормаларды орналастыру;
 - 1-1) Биржа органдарының қаржы құралдарын және олармен жасалатын операцияларға қатынасты шешімдері туралы мәліметтерді жариялау *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен енгізілген);*
 - 2) осындай құралдарға қатысты анықтамалық және сипаттамалық тұрпаттағы ақпараттарды: құралдардың тізімі, олардың сипаттамалары, түрлі құралдардың сауда-саттығының регламенті мен шарттары, құралдар тізіміндегі және қандай да бір құралдың (қандай да бір құралдардың) сипаттамасындағы, сондай-ақ сауда-саттық регламенті мен шарттарындағы өзгерістер туралы хабарландыруларды Биржа сайтында орналастыру
2. Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдары туралы ақпарат (Биржа сайтында жарияланғаннан басқа):
 - 1) биржалық куәліктерге енгізу;
 - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесі терминалы арқылы беру;
 - 3) кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну;
 - 4) топтық тарату;
 - 5) ақпараттық өнімге енгізу арқылы таратылады.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысында және ішкі құжаттарында өзгесі белгіленбесе, Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдары туралы ақпаратты жариялау мерзімдерін, кезеңділігін және қосымша тәсілдерін оның Басқармасы ақпараттық саясаттың 3 және 4 баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып (осы Ережелердің 8-бабының 3-1-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда және осы баптың 3-1-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) белгілейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы және 2019 жылдың 26 тамызындағы шешімдерімен өзгертілген).*

3-1. Осы баптың 1 тармағының 1-1) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді биржа қаржы құралына қатысты биржа органы шешім қабылдаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды, бұл ретте *(осы тармақ Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 26 тамызындағы шешімімен енгізілген)*:

- 1) осы қаржы құралына қатысты шешім қабылдаған орган өзгеше белгілемесе, қандай да бір қаржы құралының сауда-саттықтың басталуы немесе қайта басталуы туралы ақпарат осындай сауда-саттық басталған немесе қайта басталған кезге дейін жарияланады;
 - 2) қаржы құралын ресми тізімнің бір санатынан санатшасынан) басқасына ауыстыру туралы, сондай-ақ қаржы құралының сауда-саттығын тоқтату немесе тоқтата тұру туралы және (немесе) оны Биржаның тізімдерінен алып тастау туралы ақпарат, осы қаржы құралына қатысты шешім қабылдаған орган өзгеше белгілемесе, осы қаржы құралының сауда-саттығы аяқталғаннан кейін ағымдағы сауда-саттық күнінде жарияланады.
4. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат пен осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында және 2 тармағында көрсетілген ақпарат арасында кез келген айырмашылық болған кезде, осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат неғұрлым дұрыс деп саналады.

8 бап.

Биржада айналысқа жіберілген, бағалы қағаздардың эмитенттері туралы ақпараттарды тарату

1. Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың эмитенттері туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі, оны Биржа сайтында келесідей жолдармен орналастыру болып табылады:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, рұқсат ету бастамашылары мен бағалы қағаздардың эмитенттерінің ақпараттарды ашу бойынша міндеттемесін орындау мақсатында, бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашысынан Биржа алған бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық есеп берушіліктері және осы есеп берушіліктер бойынша аудиторлық есептеді, бағалы қағаздар эмитенттерінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпараттарды, сондай-ақ өзге де ақпараттарды жариялау;
 - 2) бағалы қағаздардың рұқсат ету бастамашылары және листингтік компаниялардың Биржаға Листингтік комиссиясының отырысында қарауына және Листингтік комиссиясының листинг, делистинг және ресми тізімнің санатын (санатшасын) ауыстыру бойынша шешім қабылдауына ұсынылған құжаттар;
 - 3) листинг, делистинг және ресми тізімнің санатын (санатшасын) ауыстыру сұрақтары бойынша берілген тұжырымдардың, олардың нәтижесінде Листингтік комиссиясы листинг, делистинг және ресми тізімнің санатын (санатшасын) ауыстыру бойынша қабылдаған шешімдерін жариялау;
 - 4) бағалы қағаздар эмитенттері және олар шығарған бағалы қағаздарға қатысты ақпараттық және сипаттамалық ақпараттарды, мысалы, эмитенттердің тізімі, эмитенттердің және осындай эмитенттердің және олар шығарған бағалы қағаздарының сипаттамасы туралы ақпараттарды орналастыру.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген);

2. Бағалы қағаздары Биржадағы айналысқа жіберілген, эмитенттер туралы ақпарат (осы баптың 1 тармағында аталғаннан басқа):
 - 1) биржалық куәлікке енгізу;
 - 2) Биржаның сауда-саттық жүйесі терминалы арқылы беру;
 - 3) Биржа жаңалықтарын қалыптастыру және тарату (Биржа сайтында орналастыру) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 4) кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну;
 - 5) топтық тарату;
 - 6) осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында белгіленген, құжаттардың қағаздағы нұсқасына мүдделі тұлғалардың алуына рұқсат беру;
 - 7) ақпараттық өнімге енгізу арқылы таратылады.

3. Бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігін, осы есептілік бойынша аудиторлық есепті, бағалы қағаздар эмитентінің корпоративтік уақиғалары туралы ақпаратты, сондай-ақ бағалы қағаздар Эмитентінен алынған және шектелмеген тұлғалар тобына ашуға жататын өзге де ақпаратты биржа тиісті құжаттарды (тиісті ақпаратты) қабылдаған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде (осы баптың 3-1-тармағында белгіленген ақпаратты қоспағанда) жариялайды. Бұл ретте Биржаның осы құжаттарды (осы ақпаратты) қабылдаған күні Биржа осы құжаттардың (осы ақпараттың) Биржаның белгіленген ішкі құжаттарымен және оның Басқармасының шешімдерімен осындай құжаттардың (ұқсас ақпараттың) түріне және оларды биржаға беру тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін түпкілікті нұсқаларын алған күн болып саналады.

Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар мен ақпаратты биржа Листинг комиссиясының Бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу туралы, бағалы қағаздарды ресми тізімнен алып тастау туралы, бағалы қағаздарды ресми тізімнің бір санатынан (кіші санатынан) екіншісіне ауыстыру туралы (осы баптың 3-1-тармағында белгіленгендерді қоспағанда) тиісті шешімі күшіне енген күні жариялайды. Бұл ретте, мұндай күн оларға қатысты осы шешім қабылданған бағалы қағаздардың сауда-саттығының ашылу күнімен сәйкес келсе, онда осы құжаттар мен ақпаратты жариялау көрсетілген сауда-саттықтың ашылу сәтіне дейін жүзеге асырылады.

Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздар эмитенттері туралы өзге биржалық ақпаратты тарату мерзімдері мен кезеңділігін оның Басқармасы ақпараттық саясаттың 3 және 4-баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып белгілейді.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 27 қыркүйегіндегі шешімдерімен және биржа Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген);

- 3-1. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар өзге Биржаның тізімінде болса немесе өзге Биржаның тізіміне енгізу көзделсе немесе Биржада орналастырумен бір мезгілде Биржаның юрисдикциясына қарағанда өзге биржада немесе өзге юрисдикцияда орналастыру (орналастыру) көзделсе, онда Биржа осындай бағалы қағаздар және/немесе олардың эмитенті туралы, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қатысты қабылданған Биржа органдарының шешімдері туралы ақпаратты (құжаттарды), осындай бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысымен келісілген және осы немесе ұқсас ақпаратты өзге биржада (өзге юрисдикцияда) жариялау мерзімдеріне сәйкес келетін, Биржа белгілеген мерзімдерде жариялайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген норма, егер бағалы қағаздарға рұқсат берудің бастамашысы биржаға ақпаратты (құжаттарды) осы Ережеде белгіленген мерзімнен өзгеше белгілі бір мерзімде орналастыру туралы өтінішпен және осы атаудың бағалы қағаздары өзге Биржаның тізімінде екендігі немесе өзге Биржаның тізіміне енгізу көзделетіні немесе Биржаның юрисдикциясына қарағанда өзге биржада немесе өзге юрисдикцияда орналастыру (орналастыру) көзделетіні, биржада орналастырумен бір мезгілде Биржаның юрисдикциясына қарағанда өзге биржада орналастыру (орналастыру) көзделетіні.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен енгізілген).

4. Осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат пен осы баптың 1 тармағының 4) тармақшасында және 2 тармағында көрсетілген ақпарат арасында кез келген алшақтық болған кезде, осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат неғұрлым дұрыс деп санаған жөн *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

9 бап.

Биржа өткізетін (өткізген) қаржы құралдарының сауда-саттығының барысы және/немесе нәтижелері туралы ақпарат тарату

1. Биржа өткізетін қаржы құралдар сауда-саттығының барысы туралы базалық ақпараттарды таратудың негізгі әдісі – оны Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалы арқылы тарату болып табылады. Осындай тарату осы ақпараттың бастапқы кейіптеуі болып табылады.

Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалы арқылы базалық биржалық ақпарат, Сауда-саттық жүйесімен алыстан кіру тәртібінде жұмыс жасау Ережелерінде белгіленгендей, Сауда-саттық ақпараты түрінде таратылады. Сауда-саттық ақпаратын Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалы арқылы беру шарттары Сауда-саттық жүйесімен алыстан кіру тәртібінде жұмыс жасау Ережелерінде анықталған.

2. Биржа өткізген қаржы құралдар сауда-саттығы нәтижелері туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі – осы ақпаратты биржалық куәлікке енгізу арқылы тарату болып табылады.
3. Биржа өткізетін қаржы құралдар сауда-саттығының барысы туралы базалық ақпарат Сауда-саттық ақпараты түрінде нақты уақты тәртібінде Биржа тек ақпараттық өнім құрамында ғана, соның ішінде, Биржа сайтында орналастыру (трансляциялау) арқылы, таратады.
4. Биржа өткізетін қаржы құралдарымен кідірілген сауда-саттық ақпараты түріндегі сауда-саттықтың барысы туралы базалық ақпаратты биржа сайтында, сондай-ақ ақпараттық өнімнің (ақпараттық өнімдердің) құрамында орналастыру (трансляциялау) арқылы биржа таратады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 31 шілдесіндегі шешімімен толықтырылған).*
5. Биржа өткізетін (өткізілген) қаржы құралдар сауда-саттығының барысы және/немесе нәтижесі туралы туынды және мұрағаттық ақпарат:
 - 1) Биржа сайтында орналастыру (трансляциялау);
 - 2) Биржаның баспасөз басылымдарында жариялау;
 - 3) кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну;
 - 4) ақпараттық өнімге мүдделі тұлғаларға ұсыну арқылы таратылады.

6. Биржа өткізетін қаржы құралдарының сауда-саттығының барысы және/немесе нәтижелері туралы туынды және мұрағаттық ақпаратты тарату мерзімдері мен кезеңділігін Биржа Басқармасы ақпараттық саясаттың 3 және 4 баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып белгілейді *(осы тармақ Биржалық кеңесінің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және биржа Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
7. Осы баптың 1 тармағында анықталғандай, Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалдары арқылы таратылатын базалық ақпарат пен кез келген өзге тәсілмен таратылатын, Биржа өткізетін қаржы құралдарымен сауда-саттық барысы туралы ақпарат арасында кез келген алшақтық болған жағдайда, Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалдары арқылы таратылатын сауда-саттық ақпаратын неғұрлым дұрыс деп есептеген жөн. Биржа Биржаның сауда-саттық жүйесінің терминалдары арқылы таратылмайтын сауда-саттық ақпаратының дұрыстығын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал ақылға қонымды күш-жігерін салуға міндетті.
8. Биржалық куәліктерге енгізу жолымен таратылатын және кез келген өзге тәсілмен таратылатын биржа жүргізген қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижелері туралы ақпарат арасында кез келген алшақтық болған кезде биржалық куәліктерде келтірілген ақпарат неғұрлым дұрыс деп санаған жөн. Биржалық куәліктер арқылы таратылмайтын, Биржа өткізген сауда-саттық нәтижелері туралы ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін, Биржа барлық ықтимал ақылға қонымды күш-жігерді жұмсауға міндетті.

10 бап.

Биржа есептейтін индикаторлар туралы ақпаратты тарату

1. Биржа есептейтін индикаторлар туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі – оны Биржа сайтында орналастыру болып табылады.
2. Биржа есептейтін индикаторлар туралы ақпарат (Биржа сайтында жариялағаннан басқа):
 - 1) Биржа сауда-саттық жүйесінің терминалдары арқылы;
 - 2) кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну арқылы;
 - 3) ақпараттық өнім құрамында таратылады.
3. Биржаның басқа ішкі құжаттарында өзгесі белгіленбесе, Биржа есептейтін индикаторлар туралы ақпаратты жариялау мерзімдерін, кезеңділігін және қосымша тәсілдерін оның Басқармасы Ақпараттық саясаттың 3 және 4 баптарында анықталған жалпы принциптер мен тәсілдерді негізге ала отырып белгілейді *(осы тармақ биржа кеңесінің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен және Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

11 бап.

Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағалауы туралы ақпаратты тарату

1. Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағалауы туралы ақпаратты таратудың негізгі әдісі – Биржа сайтында:
 - 1) Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағалауы нәтижелері туралы мәліметтері бар файлдарды орналастыру;

- 2) хабарландырулар жариялау, соның ішінде, Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағалаудың тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ нарықтық бағалауы туралы мәліметтерді жариялау форматының, мерзімдерінің немесе амалдарының өзгеруі туралы Биржа жаңалықтарын жариялау *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) кейбір мүдделі тұлғаларға жеке ұсыну арқылы орналастырылады.
2. Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың нарықтық бағалауы туралы ақпаратты жариялау кезеңділігі мен мерзімдері Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

12 бап. Биржалық ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы тарату

Биржалық ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы тарату осы бұқаралық ақпарат құралдарымен келісімдер негізінде Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасына және Ақпараттық саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).

Статья 13. Распространение биржевой информации путем групповой рассылки

1. Топтық тарату ақпараттық өнімге жатпайды. Әр бір жеке топтық тарату арқылы биржалық ақпараттың қандай да бір түрі (мысалы, Биржа жаңалықтары) белгілі бір форматта және белгілі бір тұлғалар тобына ғана таратыла алады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржалық ақпараттың қандай да бір түрін топтық тарату арқылы таратылуының мақсаттылығын, сондай-ақ таратылатын биржалық ақпараттың форматы мен құрамын, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген нормаларды ескере отырып, Биржа өзі анықтайды.

14 бап. Биржалық ақпаратты жеке ұсыну арқылы тарату

Жеке тұлғаларға Жеке беру арқылы биржалық ақпаратты тарату мүдделі тұлғаның тиісті жазбаша сұрау салуына жауап ретінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Биржаның ішкі құжаттарында өзгесі белгіленбесе, Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Биржа Басқармасының биржалық ақпаратты тарату мәселелеріне жетекшілік ететін мүшесі аталған сұрау салудың орындылығы және/немесе орындалу мерзімдері туралы дербес шешім қабылдауға құқылы *(осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

15 бап. Биржалық ақпаратты таратуды шектеу

1. Биржа мынадай биржалық ақпараттарды:
 - 1) Биржаның қызметін ұйымдастыруға жататын және Биржа қызметкерлерінің пайдалануына арналған;
 - 2) Биржа және/немесе өзге тұлғалардың коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпиясына жататын *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) мемлекеттік құпияның құрамына кіретін мәліметтерді таратпайды.
2. Биржаның Директорлар кеңесі биржалық ақпараттың жекелеген түрлерін таратуға шектеулер белгілеуге құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржа, акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген, заңды тұлға және акционерлік қоғам ретінде Биржа туралы жалпы ақпаратты таратуға шектеулерді қолданады.

3 тарау. ТЕГІН БИРЖАЛЫҚ АҚПАРАТ

16 бап.

Тегін таратылатын биржалық ақпараттың тізімі

1. К Биржа тегін таратылатын биржалық ақпараттарға:
 - 1) осы Ережелердің 2 бабы 2 тармағының 1)-5), 7) және 8) тармақшаларында сипатталған, кез келген түрде таратылатын ақпаратты;
 - 2) осы Ережелердің 2 бабы 2 тармағының 6) тармақшасында белгіленген, келесідей таратылатын:

Биржа сайтында орналастырылған (трансляцияланған) ақпарат түрінде, жариялау үшін әдейі 15 минутқа кідірілген ақпаратты;

орналастыру тәртібі мен форматын тек Биржа белгілейтін, туынды және мұрағаттық ақпарат түрінде Биржа сайтында орналастырылған ақпаратты;

Биржаның баспасөз басылымдарында еркін таратылатын (мысалы, Биржаның жылдық есеп беруіндегі) жарияланымдарды;

осы тараудың 14 бабына сәйкес кейбір тұлғаларға жеке ұсыну *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

биржалық куәліктерге енгізулер *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);
2. Осы баптың 1 тармағының нормалары осы Ережелердің 18 бабының 1 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып қолданылады және егер оны беру Биржаның ақпараттық өнімдерінің құрамында жүзеге асырылса, аталған ақпаратқа қатысты болмайды.

17 бап.

Биржалық ақпаратты тегін алу құқығы

1. Биржалық ақпаратты тегін алу құқығы:
 - 1) уәкілетті органға *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) өндіруіндегі істер бойынша жауап алу және алдын ала тергеу органдарына;
 - 3) өндіруіндегі істер бойынша, соттарға;
 - 4) қарауындағы материалдар бойынша, прокуратура органдарына;

- 5) атқарушылық өндіруіндегі істер бойынша, атқарушылық өндіру органдарына;
 - 6) нақты тексерілетін тұлғаларға салық салу сұрақтары бойынша, салық органдарына;
 - 7) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен алынып тасталды);*
 - 8) Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінің сауалдары бойынша, Биржа өткізген сауда-саттығындаосы эмитенттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ, олардың Биржа сауда-саттығында осы бағалы қағаздармен мәміле жасасуға өтінімдері туралы (осы Ережелердің 15 бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып) бағалы қағаздар эмитенттеріне беріледі.
2. Ерекше жағдайларда Биржа Президенті немесе, биржалық ақпаратты тарату сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесі, осы баптың 1 тармағында белгіленген тұлғалардан басқа, биржалық ақпараттарды өзге тұлғаларға жеке тегін беру туралы шешім қабылдауы мүмкін. Осындай ақпарат ұсыну бір дүркін сипатта болып, осы баптың 18 тармағының 1 тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

18 бап.

Биржалық ақпаратты тегін тарату кезіндегі ерекшеліктер мен шектеулер

1. Биржа кейбір тұлғаларға, тегін таратылатын ақпаратты жеке бергені үшін ақы алуға құқылы, егер:
 - 1) осылай ақпарат ұсыну Биржадан айтарлықтай шығындарды талап етсе (ақпаратты белгілі бір форматқа келтіру, базалық ақпараттың шығыс массивінен іріктеу, Биржаның байланыс арналарын қолдану және басқасы);
 - 2) мұндай ақпарат ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның жарғысында және ішкі құжаттарында тікелей белгіленбесе.*(Осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен алынып тасталды).*
- 1-1. Осы баптың 1 тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ақы алу мөлшерін, шарттары мен тәртібін Биржа Басқармасының Төрағасы анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*
2. Жекелеген жағдайларда Биржа Басқармасының Төрағасы немесе биржалық ақпаратты тарату мәселелеріне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі өзгеше белгілемесе, осы тараудың 16 және 17 баптарының қолданылуына жатпайтын кез келген өзге биржалық ақпарат ақылы түрде таратылады *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

19 бап.

Тегін биржалық ақпаратты қайталап тарату

1. Биржа кез келген тұлғаларға, осы тұлғалар мынадай шарттарды сақтаған жағдайда, өзі тегін тарататын биржалық ақпаратты тарату құқығын тегін береді:
 - 1) осыдай тарату кезінде Биржа өндіруші және осы ақпараттың көзі ретінде көрсетілуі керек;

- 2) осындай тарату осы ақпаратты қасақана немесе кездейсоқ бұрмаламай жүзеге асырылуы тиіс;
 - 3) осындай тарату тегін жүзеге асырылуы тиіс;
 - 4) осындай тарату бір реттік немесе эпизодтық (тұрақты емес) сипатта болуы тиіс.
2. Биржа тегін тарататын биржалық ақпаратты кез келген тұлғалардың ақпараттық өнімінен енгізу және/немесе осындай ақпаратты әрдайы таратуы (мысалы, Интернет желісінде әрдайым тарату немесе трансляциясы) тек Биржамен жасалған тиісті келісім негізінде немесе Биржадан жазбаша келісіміне сәйкес, осындай атаратудың шарттары мен мерзімдері көрсетіліп, жүзеге асырылады.

20 бап. Биржалық ақпаратты Биржа мүшелері қайталап таратуы

Биржа мүшелері биржада осындай клиенттердің мәмілелер жасауы үшін биржалық ақпаратты өз клиенттері арасында тарата алады. Бұл ретте Биржа Биржа мүшелеріне осы Ережелердің 21 бабына сәйкес биржалық ақпаратты осындай таратқаны үшін тарифтерді қолдануға құқылы. Көрсетілген тарифтер Биржаның Директорлар Кеңесінің бекітуіне жатады.

Биржа мүшелерінің биржалық ақпаратты басқа тәсілдермен және/немесе басқа мақсаттар үшін таратуы Биржамен жасалған келісім-шарттардың талаптарында ғана жүзеге асырылуы тиіс.

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).

4 бап. БИРЖАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТАРАТУ

21 бап. Биржаның ақпараттық өнімдеріне қатысты жалпы ережелер

1. Коммерциялық негізде (ақылы түрде) Биржа биржалық ақпаратты ақпараттық өнімдер түрінде таратады. Осындай ақпараттық өнімдердің тізбесін, олардың құрамын, форматын, ұсыну ерекшеліктері мен шарттарын, сондай-ақ ақпараттық өнімдерге ақы төлеу және оларға жеңілдіктер беру тәртібін Биржа Басқармасы айқындайды. Ақпараттық өнімдер үшін алымдар, оның ішінде оларды үшінші тұлғалардың таратқаны (қайталап таратқаны) үшін тарифтер осы Ережелердің қосымшасында белгіленген. Көрсетілген алымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы алымдарға қолданылуы мүмкін барлық салықтардың және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын қамтиды.
2. АҚШ долларында белгіленген алымдар мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға қолданылады. Мұндай тұлғалар аталған алымдарды АҚШ долларымен төлейді.

АЕК-те белгіленген алым мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады. Мұндай тұлғалар аталған алымдарды қазақстандық теңгемен төлейді.
3. Биржа Басқармасы Биржаның ақпараттық өнімдеріне жеңілдіктер беруге құқылы. Көрсетілген жеңілдіктер ақпарат таратушыларды тарту, әлемнің жекелеген елдерінде немесе өңірлерінде биржалық ақпараттың болуын қамтамасыз ету немесе кеңейту, сондай-ақ Биржаның ақпараттық өнімдерін танымал ету мақсатында берілуі мүмкін. Ақпараттық өнімдерге жеңілдіктердің қолданылу мерзімі уақыт бойынша шектелуі тиіс. Бұл ретте

қандай да бір жеңілдіктің қолданылу кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа Басқармасы осы жеңілдіктің қолданылу мерзімін жаңа мерзімге ұзартуға құқылы.

4. Биржа мүдделі тұлғаларға ақпараттық өнімдерді осындай тұлғалармен Биржа жасасқан келісім-шарттар негізінде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген жағдайларды қоспағанда және осы Ережелердің 23 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) ұсынады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген норма Биржа мүшелеріне қатысты қолданылмайды.

(Осы тармақ Биржаның Директорлар Кеңесінің 2017 жылдың 02 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).

(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

22 бап. Вторичное распространение информационных Өнімів Биржи

1. Биржаның ақпараттық өнімін алатын (алған) тұлғалар және оны кез келген мақсатта таратуға көздегендерді (таратушыларды) Биржа осы ақпараттық өнімнің таратушылары деп топтастырады. Биржаның ақпараттық өнімін таратушылармен таратылуы, Биржа мен таратушылар арасында жасалған, келісім-шарт негізінде, осы таратудың 21 бабының 1 тармағында сілтеме берілген, тарифтік шарттарды қолдана отырып, жүзеге асырылады.
2. Биржаның ақпараттық өнімін таратушылардан алатын (алған) тұлғалардың оны тарату тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
3. Биржаның ақпараттық өнімін өңдеу нәтижесінде алынған туынды ақпаратты, осы ақпараттық өнімді алатын, тұлғалармен тарату тәртібі Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

23 бап. Ақпараттық өнімдерді ұсынудың ерекше шарттары

Кейбір жағдайларда, егер қандай да бір ақпараттық өнім алу бойынша қандай да бір тұлға Биржамен келісім-шарт жасасуы үшін сынақ кезеңі қажет болған жағдайда, қандай да бір ақпараттық өнімге қатысты сынақ кезеңі тағайындалуы мүмкін. Осындай сынақ кезеңін тағайындау бойынша шешімді Биржа Президенті немесе, ақпарат тарату сұрақтарына жетекшілік ететін, Басқарма мүшесі шешім қабылдайды. Бұл ретте, сынақ кезеңінің ұзақтылығы 90 күнтізбелік күннен аспауы тиіс *(осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

24 бап. Компания-агент

Биржа қандай да бір ақпараттық өнімді (қандай да бір ақпараттық өнімдерді) тарату бойынша өз өкілеттілігін (немесе өкілеттілігінің бір бөлігін) өзге тұлғаға - өкілетті компанияға құқық беруге құқылы. Биржа және өкілетті агенттік арасындағы қарым-қатынастар Биржа мен өкілетті компания арасында жасалған келісім-шартта белгіленеді.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы және 2014 жылдың 08 тамызындағы шешімдерімен өзгертілген).

5 тарау. АЙРЫҚША ҚАҒИДАТТАР

25 бап. Биржаның жауапкершілігін шектеу

1. Биржалық ақпараттарды әдеттегі тәртіпте таратуға кедергі болатын (болған), игерілмейтін күштер жағдайлары орын алған кезде, осы Ережелерде белгіленген тәртіптерді бұзушылығына жауапты болмайды. Айтылмыш жағдайлар деп кез келген төтенше және жол бермеуге болмайтын жағдайларды, Биржа тарапынан саналы бақылауға жатпайтын, Биржа алдын ала болжай алмаған және биржалық ақпаратты әдеттегі тәртіпте тарату мүмкіншілігіне кедергі болатын (болған) және тікелей ықпал еткен жағдайды түсіну керек.
2. Биржалық ақпараттарды таратуда қолданылатын бағдарламалық және техникалық құралдарының жұмысқа қабілеттілігін қадағалап отыруға Биржа ұмтылады, бірақ жұмыстағы кедергілерге байланысты (сыну, бұзылу) немесе аталған құралдардың жоғалуы нәтижесінде осы Ережелерде белгіленген биржалық ақпараттарды тарату шарттары мен тәртібін бұзуына жауапты болмайды.
3. Егер ақпараттарды Биржа өзінің мүшелерінен, рұқсат ету бастамашыларынан және бағалы қағаздар эмитенттерінен Биржа алдында міндеттерін орындауына орай алған, Биржаның сауалдарына жауап ретінде берілген немесе Биржа мүшелерінің, рұқсат ету бастамашыларының немесе бағалы қағаздар эмитенттерінің бастамасымен ұсынылған ақпараттар болса, Биржа мүшелері және Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздар эмитенттері туралы ақпараттардың растығына Биржа жауапты болмайды. Осы ақпараттарды өндіруде, Биржа айтылмыш хабарламалар мен құжаттардың растығын тексермейді. Бұл ретте, Биржа осындай ақпараттарды ашу бойынша барлық қол жетерлік саналы күш-жігерін жұмсайды.
4. Биржа тарататын кез келген ақпаратты бағалы қағаздар нарығының субъектілері және өзге де тұлғалар қаржы құралдарын сатып алу немесе сату бойынша, ақша инвестициялары немесе қаржы нарығындағы кез келген өзге де операцияларды жүзеге асыру бойынша нұсқау ретінде қабылданбауы тиіс.

26 бап.

Зияткерлік меншік

Биржаға, зияткерлік меншік ретінде, биржалық ақпараттар мен Биржа өндірген ақпараттық өнімге айрықша құқықтар тиесілі; осы ақпараттар мен ақпараттық өнімдердің тұтынушыларына тек осыларды пайдалану құқығы беріледі.

Биржалық ақпараттар мен Биржа өндірген ақпараттық өнімді қайталап тарату осы Ережелердің 19 және 22 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Президент

Дамитов К.К.

Биржалық ақпаратты
тарату ережелеріне
қосымша

(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 10 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

Биржаның ақпараттық өнімдерін ұсынғаны немесе оларды тарату құқығымен бергені үшін

А Л Ы М Д А Р М Ə Л Ш Е Р Л Е М Е С І

1 бөлім. Нақты уақыт тәртіптемесінде (осындай ақпаратты тарату құқығымен) сауда-саттық ақпаратын бергені үшін алым мөлшерлемелері)

№ р/с	Вендор	Алым мөлшерлемесі, айына (барлық нарықтар)	
		тарату құқығы үшін	барлық ақырғы пайдаланушы үшін
1	2	3	4
1.	Шетелдік	1 500 АҚШ доллары	65 АҚШ доллары
2.	Жергілікті	130 АЕК	4 АЕК

2 бөлім. Кідірілген сауда-саттық ақпаратын (осындай ақпаратты тарату құқығымен) бергені үшін алым мөлшерлемелері)

№ р/с	Вендор	Алым мөлшерлемесі, айына (барлық нарықтар)
		3
1	2	3
1.	Шетелдік	900 АҚШ доллары
2.	Жергілікті	60 АЕК

3 бөлім 3. Сауда-саттық қорытындылары туралы ақпарат бергені үшін алым ставкалары (осындай ақпаратты тарату құқығымен)

№ р/с	Вендор	Алым мөлшерлемесі, айына (барлық нарықтар)
		3
1	2	3
1.	Шетелдік	400 АҚШ доллары
2.	Жергілікті	20 АЕК

4 бөлім Мұрағаттық сауда-саттық ақпаратын бергені үшін алым ставкалары (осындай ақпаратты тарату құқығымен)

№ р/с	Ақпараттық кесіндінің тереңдігі, ай	Алым мөлшерлемесі, (барлық нарықтар)	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1	2	3	4
1.	Бір	400	40
2.	Екі-үш	600	60
3.	Төрт-алты	800	75
4.	Жеті-тоғыз	1 000	95
5.	10–12	1 250	120
6.	Бір жылдан аса	*1 250	*120

* әр жылға алым мөлшерлемесі.

4-1 бөлім Мұрағаттық сауда-саттық ақпаратын бергені үшін алым ставкалары (мұндай ақпаратты тарату құқығысыз)

№ р/с	Ақпараттық кесіндінің тереңдігі, ай	Алым мөлшерлемесі	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	Бір	250	25
2.	Екі-үш	350	35
3.	Төрт-алты	500	45
4.	Жеті-тоғыз	600	55
5.	10–12	750	70
6.	Бір жылдан аса	*750	*70

* бір жылға алым мөлшерлемесі.

(Бұл бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 09 наурызындағы шешімімен енгізілген).

5 бөлім Нақты уақыт тәртіптемесінде Web-Quotes ұсынғаны үшін алым мөлшерлемелері

№ р/с	Подписчик	Алым мөлшерлемесі, айына (барлық нарықтар)
1	2	3
1.	Шетелдік	70 АҚШ доллары
2.	Жергілікті	5 АЕК

6 бөлім Анықтамалық ақпарат бергені үшін алым мөлшерлемелері (осындай ақпаратты тарату құқығымен)

№ р/с	Ақпарат түрі	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1	2	3	4
1.	Бағалы қағаздар эмитенттері туралы ақпарат	200	20
2.	Қаржы құралдары туралы ақпарат	200	20
3.	Бағалы қағаздар эмитенттері және қаржы құралдары туралы ақпарат	300	30

7. бөлім Non-Display жүйелерінде сауда-саттық ақпаратын пайдалану үшін алым мөлшерлемелері

№ р/с	Подписчик	Алым мөлшерлемесі	
		без права распространения	с правом распространения
1	2	3	4
1.	Шетелдік	350 АҚШ доллары	500 АҚШ доллары
2.	Жергілікті	60 АЕК	80 АЕК

8 бөлім Нақты уақыт тәртіптемесінде мобильді қосымшалар арқылы сауда-саттық ақпаратын таратқаны үшін алым мөлшерлемелері

№ р/с	Вендор	Алым мөлшерлемесі, айына	
		тарату құқығы үшін	әр пайдаланушы үшін
1	2	3	4
1.	Жергілікті	60 АЕК	4 АЕК

9 бөлім IRIS Finance бағдарламалық өнімі үшін алым мөлшерлемелері

№ р/с	Ақпараттық өнім	Алым мөлшерлемесі, айына АЕК
1.	Алдын ала орнатылған базалық модульдері бар IRIS Finance ақпараттық платформасы (3 пайдаланушы орны): Эмитенттер бойынша анықтамалық Бағалы қағаздар бойынша анықтамалық Индекстер мен индикаторлар	18
Қосымша модульдер:		
2.	KASE жаңалықтар (<i>бұл графа Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 12 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген</i>)	22
3.	Акциялар нарығы (мәмілелер, өтінімдер және сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша деректерді қамтиды)	17
4.	Корпоративтік облигациялар нарығы (мәмілелер, өтінімдер және сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша)	17

Биржалық ақпаратты тарату ережелері

№ р/с	Ақпараттық өнім	Алым мөлшерлемесі, айына АЕК
	деректерді қамтиды)	
5.	Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы (мәмілелер, өтінімдер және сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша деректерді қамтиды)	17
6.	Шетел валюталарының сауда-саттығы (сауда-саттық сессияларының қорытындылары туралы ақпарат)	5
7.	Шетел валюталарымен жасалған мәмілелер	20

Қосымша пайдаланушы орындары IRIS Finance

№ р/с	1 қосымша пайдаланушы орнының құны (п.):	Алым мөлшерлемесі, Айына АЕК	
		1-10 п.о.	11 және одан аса п.о.
1.	1-ден 3 модульге қосылған кезде	3	2
2.	4 және одан аса қосылған кезде	5	4

Жеңілдіктер

№ р/с	Ұсыныстар	Скидка, %
1.	Барлық Iris Finance модульдерін сатып алу	5
2.	Бір жылға алдын ала төлем	7
3.	Жарты жылдық үшін алдын ала төлем	5
4.	Тоқсанға алдын ала төлем	3

(Осы бөлім Биржаның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 02 ақпандағы шешімімен алынып тасталды және Биржаның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 09 наурыздағы шешімімен енгізілген).

10 бөлім Биржа мүшелеріне олардың мәмілелері мен өтінімдері бойынша ақпарат бергені үшін алым ставкалары

№ р/с	Ақпарат түрі	Алым мөлшерлемесі, АЕК			
		до 3 мес.	4-6 мес.	7-12 мес.	1 год
1	2		3		4
1.	Биржа мүшесінің өтінімдері бойынша ақпарат	10	15	20	25
2.	Биржа мүшесінің мәмілелері бойынша ақпарат	5	10	15	20

Ескерту: екі жылдан үш жылға дейінгі кезеңде ақпаратты ұсынғаны үшін 10 %, үш жылдан астам – 25 % мөлшерінде жеңілдік беріледі.

11 бөлім "Новости KASE" ақпараттық өнімі үшін алым мөлшерлемелері (тарату құқығынсыз)

№ р/с	Ақпараттық өнім	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	KASE жаңалықтары	150	22

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 09 наурыздағы шешімімен енгізілді және Биржаның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі шешімімен өзгертілді).

11-1 бөлім "KASE жаңалықтар" ақпараттық өнімі үшін алым мөлшерлемелері (тарату құқығымен)

№ р/с	Ақпараттық өнім	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	KASE жаңалықтары	250	35

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 12 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)

12 бөлім Барлық мүдделі тұлғалардың тұрақты емес сұрау салулары бойынша ақпарат бергені үшін алым мөлшерлемелері

№ р/с	Ұсынылатын ақпараттың сипаттамасы	Алым мөлшерлемесі, АЕК
1.	Сұратылған күнге бағалы қағаздардың нарықтық құны туралы анықтама	3
2.	KASE ресми тізіміне енгізілген, бағалы қағаздар тізімі	3
3.	KASE ресми тізіміне енгізілген, эмитенттер тізімі	3
4.	Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің бағасы туралы ақпарат (бір құрал үшін, бір жылға дейінгі кезең үшін)	*3

* бір жылға алым мөлшерлемесі.

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 09 наурызындағы шешімімен енгізілген).

13 бөлім Техникалық алым мөлшерлемелері

№ р/с	Өнім	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	Ақпаратты жеткізудің альтернативті / қосымша тәсілі үшін техникалық алым	70	10

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 09 наурызындағы шешімімен енгізілген).

14 бөлім "Корпоративтік уақиғалар" ақпараттық өнімі үшін алым мөлшерлемелері (тарату құқығысыз)

№ р/с	Өнім	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	Корпоративтік уақиғалар	75	10

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 09 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

14-1 бөлім "Корпоративтік уақиғалар" ақпараттық өнімі үшін алым мөлшерлемелері (тарату құқығымен)

№ р/с	Өнім	Алым мөлшерлемесі, айына	
		АҚШ долларымен	АЕК-пен
1.	Корпоративтік уақиғалар	125	15

(Осы бөлім Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 09 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).